



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

15.05.2024 жыл

Орал қаласы

№ 187-О

город Уральск

2024 жылдың жазғы каникул кезеңінде балалардың сауықтыру демалысын, жұмыспен қамтылуын және бос уақытын ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңын, ҚР Оқу-ағарту Министрлігі, БҚО білім басқармасының 2024-2026 жылдарға арналған балалардың жазғы каникулы кезеңінде демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру бойынша іс-шаралар жоспарларын орындау, жазғы каникул кезеңінде балалардың сауықтыру демалысын, жұмыспен қамтылуы мен бос уақытын ұйымдастыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Балалардың сауықтыру демалысын, жұмыспен қамтылуын және бос уақытын ұйымдастыру білім беру ұйымдары қызметінің басым бағыттары болып саналсын.

2. Қала мектептерінің, мектептен тыс ұйымдардың, «Атамекен» ҚБЖТЖЭО-ның директорлары:

1) Жазғы каникул кезеңінде балалардың демалысын ұйымдастыруда ҚР Оқу-ағарту Министрлігі, БҚО білім басқармасы, қалалық білім беру бөлімінің 2024-2026 жылдарға арналған балалардың жазғы каникулы кезеңінде демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру бойынша іс-шаралар жоспарларын іске асырсын;

2) Жалпы білім беретін мектептердің, қосымша білім беру ұйымдарының жанынан тамақтануы ұйымдастырылған, тамақтануы ұйымдастырылмаған күндізгі уақыттағы лагерлерді, шатырлы лагерлерді, бос уақытын өткізу үшін жазғы алаңдарды, мектепті көгалдандыру жасақтарын ұйымдастырсын;

3) Лагерь мен демалу орындарын дайындау, олардың қызметін жақсарту, онда балалардың болуы үшін қажетті материалдық-техникалық, тұрмыстық жағдайлар жасасын;

4) Лагерь мен демалу орындарын қажетті құқықтық базамен, әдістемелік құралдар және техникалық қауіпсіздік бойынша нұсқаулықтармен қамтысын;

5) Ағымдағы жылдың 20 мамырына дейін 1-10 сынып оқушыларының жазғы демалысты өткізуі бойынша ата-аналар жиналысын өткізіп, нақты мәліметтер жинақтасын;

6) Ағымдағы жылдың 25 мамырына дейін оқушылар мен олардың ата-аналары, заңды өкілдеріне төтенше жадғайлардың, өрт пен судағы қауіпсіздіктің, балаларды тасымалдау кезіндегі қауіпсіздік бойынша түсіндіру жұмысын жүргізіп, жаднамалар таратып, әлеуметтік желілерде жарияланым жасасын;

7) Жазғы кезеңде басым түрде жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың, аз қамтылған отбасы балаларының, қолайсыз отбасы балаларының, девиантты мінез-құлықты, ерекше білімді қажет ететін балалардың, төтенше жағдайлар салдарынан қиын жағдайға тап болған отбасы балалары, үздік оқушылардың демалысын жеңілдікпен ұйымдастырсын;

8) Жазғы каникул кезеңінде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру мен өткізуді қамтамасыз етуде бюджеттен бөлінген қаражатпен қатар демеушілік және қайырымдылық көмектер тарту жұмысын жүргізісін;

9) Қала мектептері облыс және республика аумағындағы экскурсиялар мен демалыстарды ұйымдастырсын;

10) Балаларды сауықтыру лагері мен мектеп жанындағы, қосымша білім беру ұйымдарындағы лагерлерін жас педагогтарды тартып, білікті педагогикалық, медициналық және басқа қажетті кадрлармен қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдасын;

11) Балалардың жазғы демалыс, сауықтыру және еңбек орындарында олардың өмірі мен денсаулығын сақтаудың, соның ішінде төтенше жадғайлардың, өрт пен судағы қауіпсіздіктің, балаларды тасымалдау кезіндегі қауіпсіздік пен жарақаттанудың, сапасыз тамақтанудың алдын алу мақсатында шаралар қабылдасын;

12) Бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру жөнінде материалдар жарияласын;

3. «Атамекен» ҚБЖТжЭО директорының у.м.а. А.Махбуов:

1) Жазғы демалыс лагерінің санитарлық нормаларға сәйкестілігі бойынша құзырлы органнан уақытылы рұқсат алсын;

2) «Қайсар» патриоттық, «Рахат», «Мирас» шатырлы лагерлерінің жұмысын ұйымдастырсын;

3) Лагерь қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бойынша семинарлар өткізсін;

4) Лагерь базасындағы бассейнде жүзу дағдыларын үйрету мақсатында кәсіби инструктормен қамтысын;

5) Лагердің жұмыс уақытында демалушылардың денсаулық жағдайын бақылау мақсатында медбикемен қамтысын;

6) Демалысты ұйымдастыруда «Балалардың сауықтыру және санаторий объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің 2022 жылғы 11 тамыздағы №ҚР ДСМ-78 бұйрығын басшылыққа алсын.

4. №12 (Л.Сагингалиева), 14 (Т.Мурадимова), 20 (Н.Утегалиева), 32 (К.Рахимбердина) мектептер, Мектептен тыс тыс жұмыс орталығы (Т.Қуанышкереев), «Атамекен» ҚБЖТжЭО (А.Махбуов), оқу-өндірістік шеберханасы (М.Есбулатов) жазғы демалысты ұйымдастыру уақытында білім беру ұйымдарының сұраныстарына сәйкес көлікпен қамтамасыз етсін.

5. Барлық білім беру ұйымдары басшылары балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастырудың барысы туралы есепті **әр айдың 10 күніне (маусым, шілде, тамыз), қорытынды ақпаратты және есепті 2023 жылғы 25 тамызға** білім беру бөліміне ұсынсын.

6. Қалалық әдістемелік кабинет (Ф.Галиева) балалардың сауықтыру демалысын, жұмыспен қамтылуы мен бос уақытын ұйымдастыру бойынша озық тәжірибелерді тарату жұмысын жүргізсін.

7. Білім беру бөлімінің қаржы бөлімі жазғы демалыс уақытындағы қаржыландыру мәселесін бақылауда ұстасын.

8. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау бөлім басшысының орынбасары И.Амертаеваға жүктелсін.

Бөлім басшысы

А.Темирханова

А.Темирханова